

1-слайд


Тақырыбы:

**Қазақтардың Е.Пугачев бастаған шаруалар
көтерілісіне қатысуы (1773-1775 жылдар)**

4-слайд

Емельян Пугачев көтеріліс басшысы

- Өзін Ресейдің III Петр патшасымын деп жариялады (Құпия жағдайда жоғалған).
- Көтеріліске Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының бір бөлігі қатысты.



Көтерілістер сипаты жағынан басыбайлық, феодалдық қоғамға қарсы бас көтерулер еді.

*Басыбайлы шаруа – Ресейдің 1861 жылға дейін тағдыры іс жүзінде помещиктер мен дворяндардың еркіне толық тәуелді болған ауылдық жердің тұрғыны шаруалар

5-слайд

Шаруалар соғысының қарсаңындағы Кіші және Орта жүз қазақтарының көшіп-қонып жүген аймақтары

- **Кіші жүз жері** – Сырдария өзені төменгі жағынан басталып, Жайық, Тобыл өзеніне дейін созылып жатты. Шекарасы: (шығысында – Орта жүз, Оңтүстікте –Ұлы жүз және Орта Азия хандықтары)
- **Орта жүз** - Тобыл, Есіл, Ертіс өзендерінің жоғары аудандарында найман, қыпшақ, арғын, қоңырат, керей руларының қатысуымен болды.

Қазақтар ата қоныстарынан айырылғысы келмеді.

6- слайд

Е.Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қазақтардың қатысуының негізгі себебі

- **Біріншіден:** Мал жайылым жетіспеді. Патша үкіметі Еділ мен Жайық өзені арасындағы жайылымдық жерді қазақтарға пайдалануға тыйым салды.
- **Екіншіден:** Қазақтар өздерінің жер аумағында әскери бекіністер салуға тіпті де келіспеді.
- **Үшіншіден:** Патша үкіметі 1752-1755 жылдары Орта жүз қазақтары емін-еркін көшіп-қонып жүрген Жаңаесіл аймағын басып алды .
- **Төртіншіден:** Патша үкіметі барымташыларды ұстау үшін «әскери іздестіру» деген сылтаумен қазақ даласына әскери топтарды жіберуді әдейі жиілетте түсті.
- Шындығына келгенде қазақ ауылдарын кәдімгідей ашықтан-ашық талан-таражға салудың жымысқы тәсілі болып шықты.

Жердің жетіспеуі XVIII ғасырдың 50-жылдарында қазақ шаруаларын жайылым үшін күреске шығуға итермеледі.

7-слайд

**Қазақ шаруалары жер мәселесін жоғары
правительдердің араласуымен бейбіт жолмен
шешуге тырысты**

- Нұралы хан патша үкіметіне 1742 жылы 19 қазандағы енгізген жерді пайдалануды шектеу тәртібін жоюды талап етіп, хат жазды.
- Патша үкіметі жарлығымен 1748 жылы тұрғын үйлер, хуторлар казактарға арнап салынды.

**Патша үкіметі казактарды Ресейдің оңтүстік-
шығыс шекараларын кеңейту үшін
пайдаланды.**

8-слайд

Шекараға таяу орналасқан қазақтар патша үкіметінен зардап шекті

- Патша үкіметі Орынбор губернаторы И.Неплюевтің ұсынысымен 1747 жылы 15 мамырда қазақтарды жуасыту(қорқыту) үшін Жайық және Орынбор казактары күшімен «Әскери тіміскілеу» жарлығы ешбір себепсіз қазақ ауылдарын бас салып, қырып – жоюларына бастама болды.
- 1747жылдың 31 желтоқсанында екінші құпия қаулысында «Қазақтарды қорқытып ұстау мақсатында Орынбор губернаторы қазақтардың бір немесе екі ауылын шауып, тірі жан қалдырмай қырып тастасын (әйелдер, қарттар, балалармен қосып)» делінген.
- А.Медрасов басқарған отряд жазықсыз байбақты руының бес ауылын тонап, үйір-үйір жылқыны айдап әкетті.
- Тобыл бекінісінде 1759 жылы «шабындықты бүлдірдің»- деп қызылқұрт старшыны Жәмбет батыр ауылын 40 казак қоршап, халықты қайқы темірмен, найзамен шаншып, оқ жаудырып, ойрандап кеткен.

Патша үкіметінің казак әскерлерінің осылай басынуы Қазақстандағы толқудың басталуына және қазақтардың Е.Пугачев көтерілісіне қатысуына итермеледі.

Казак – XV ғасырдың аяқ кезі мен XVI ғасырдың бас кезінде қашқын шаруалардан құралған еркін казактардың қауымдары.



9- слайд

Е.Пугачевтың қазақтармен байланыс жасауға әрекеттері

- 1773 жыл Е.Пугачев Кіші жүз аумағында құпия болып қайтты.
- Жайық казактарынан көп бұрын көмегіне ие боламын деп үміттенді
- Ел ішіндегі ықпалы күшті старшындармен кездесті.
- Жыл аяғында Кіші жүз жеріне 400 адам жасағымен тағы да келді.
- Жасақ құрамында татар , орыс, чуваш, башқұрт, черемистер болды.
- Көтеріліс жетекшісі жасағының құрамы көп ұлтты екендігіне кәміл сендіргісі келді.

Бірқатар қазақ рулары Е.Пугачев көтерілісіне қолдау көрсетуге ықылас білдірмеді.

10-слайд

Е.Пугачев 1773 жылы 20 қыркүйекте үндеуін жазды
«Сіздерге сақтық көрсету үшін жария етемін.


Ұлы тәңірім маған билік бере қалса, онда мен сіздердің ешқайсыңызды да далаға тастамаймын және бәріңізге де ақыны адал төлеймін, жерге де, суға да, шөпке де, қаруға да, азық-түлікке де, өзен-суға да, нан мен тұзға да, қорғасынға да қарық қылып, бастарыңыздан аяқтарыңызға дейін киіндіремін...»

1773 жылы 20 қыркүйек манифест хатта: **«қазақтарға жер, су, жайылымды қайтарып беруге уәде етті»**. Н. Бекмаханова «Көктемір туралы аңыз» ,Алматы, «Жалын» 1983, 35 бет.

Қазақ халқы Е.И.Пугачевты бірден қолдай қойған жоқ.

11-слайд

Қазақтардың Е.Пугачев бастаған көтеріліске қатысқан аймақтары



- Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының көтеріліске қатысуына жер мәселесі себеп болды.
- Ұлы жүз халқы көтерілістен шалғай жерлерде көшіп жүргендіктен қатыспады.

Көтеріліс Қазақстанның батыс және солтүстік бөлігін қамтыған

12-слайд

Кіші жүз қазақтарының көтеріліске қатысуы

(1773 ж. қыркүйек-1776 ж. ақпан.)

- Қазақтар Е.Пугачев көтерілісшілерінің атты әскерінің құрамына кірді.
- Қазақтардан құралған жасақ командирі болған Андрей Овчинников Жайық казактарының атты әскерлер полкінде болды.
- Қазақтар шекара шебін кесіп өтіп,Еділдің бойындағы бекіністерге шабуыл жасады.
- Қазақ жасақтары Царицын мен Астрахан түбіне дейін барды.
- Қазақ рубасшыларының бір тобы Е.Пугачев көтерілісшілеріне қолдау көрсетті.Мәселен Ералы,Досалы,Айшуақ,Сейдалы сұлтандар көтерілісшілердің жағына шықты.
- Қазақтар ұсақ бекіністермен қатар ірі қамалдарға да шабуыл жасағанда белсене қатысты (Жайық,Гурьев, Орск,Саратов,Пенза).
- Қазақтардың атты әскерлері көзді ашып-жұмғанша тарыдай шашылып, алысқа барған соң дұшпанға қайыра соққы беру үшін қайта шоғырлана қою тәсілін шебер пайдаланды.
- Жайық әскери бекіністер шебінің патша әскери горнизондарының жағдайы мүшкіл болғаны сонша,жоғарғы әскери басшылық шағын бекіністерді тастап шығуға бұйрық берді.

Халық жасақтарының саны артып көтеріліс бұқаралық сипат алды.

13-слайд

Орынбор түбіндегі шайқасқа қазақтар қатысты.

- 1773 жыл қазақтар Орынбордан Гурьевке дейінгі бекіністерді қоршауда ұстады.
- Қалаға тікелей шабуыл жасауда Досалы сұлтанның 200 сарбазы ерекше көзге түсті.
- Орынборды қоршағанда қазақ жасақтарының саны 6000 жуық болды.
- Қатысқан рулары: Байбақты, Шекті, Табын.
- 1774ж. қысында Орынбор қаласын аштық басталады.
- Қала тұрғындарының халі қиын болды.
- Халықтың ашыққаны соншалық – жылқыны тағалаған кезде түскен мүйізгекті теріп, мал терісін қайнатып азық еткен.

Кіші жүз қазақтарының қозғалысы төрт кезеңге бөлінді.

14-слайд

Орта жүз қазақтар көтерілісі үш кезеңге бөлінеді.

- (1773ж. күзі-1776 ж.аяғы)
- Орта жүз көтерілісі Есіл және Тобыл өзендерінің жоғарғы ағысы аймағында көшіп –қонып жүретін қазақтар қатысты.
- Қазақтар көтерілісшілерді жем-шөппен, азық –түлікпен қамтамасыз етті.
- Абылай хан патша үкіметінің жасақтарына көмек көрсетуден үзілді-кесілді бас тартты.
- Абылай хан өзінің қол астындағыларға патша үкіметінің шекара бекіністеріне шабуыл жасап тұруға ресми рұқсат берді.
- Патша үкіметінің Жаңаесіл аймағынан қазақтарды күштеп қуып шықты.
- Олар Керей, Қыпшақ, Қанжығалы, Қарауыл және Арғын рулары болатын.
- Орта жүз қазақтары Троицк, Губелинская, Орск түбіндегі шайқастарға қатысты.
- 1774 жылы қазақтар Алабұға дала бекінісін толық талқандады (Звериноголов пен Петропавл бекіністер ортасында).

Орта жүз қазақтарының толқуының күшті болғаны сонша , патша үкіметі Сібір және Орынбор губерниясындағы әскерінің едәуір бөлігін оларға қарсы аттандырды.

15-слайд

Қазақтар жасақтарының жеңістері

- 1773 жылы қараша айында Орынбордан 20 шақырымдай жерде казак Матвей Маткин өз адамдарымен тұтқынға түседі.
- Татищев бекінісі түбінде 1500 адамнан тұратын Алшын руы жасағы казак Афанасий Устимовтың отрядын тас-талқан етті.
- 1773 жылы Елек казагы Василий Кузьмин отряды жеңіліп, көбі тұтқынға түскен.
- 1774 жылы тамызда Елек пен Жайық қалашығын 400 қазақ әскері Тасты және Шаған хуторларын талқандаған.
- Сырым Датұлы бастаған байбақты ру жасақтары ерекше көзге түсті, Еділ бойындағы казактардың хуторларын шабуыл жасап қырып-жойды. Молдаван полк гусарларын тас-талқан етті.

Қазақ жасақтары бұл көтерілісте де ерлік үлгілерін көрсетті.



16-слайд

Қазақ жасақтарында ерлік көрсеткен батырлар.

- **Байбақты** руының қазақтары – Жайық қалашығы мен Бузулун бекінісінде: Айдар Есембаев, Сырым, Қара батыр, Атағазы Айтқуловтар ерлік көрсетті.
- **Беріш** руын жасақтарын старшиналар Иқар Итемгенов, Қара Шотан Құрбанбай қатысты.
- **Кердері** руының батыр Жоламан болды.
- **Алаша** қазақтары – Астрахань мен Гурьев қалашығы түбінде батыр – Баймұрат ерлік көрсетті.
- **Жағалбайлы** руы – Орск бекінісінде батыр Елбарыс Өміртаев қол бастады
- Табын, Тама, Беріш, Шекті рулары – Жайық қалашығы мен Бузулук бекінісінде шайқасты.

Орынбордан Орск-Самар, Орск – Сакмар дейін созылып жатқан Красногор бекіністерінде шайқасты.

17-слайд

Нұралы хан және оның сарайлық сыбайластары екі жақты бағыт ұстанды.

- Нұралы хан 1000 сарбазымен Жайыққа келгенімен кейін бейтараптық саясат ұстады.
- II Екатерина қазақ ханы Нұралыға арнайы «грамота» жіберіп, Пугачевті өзіне жақындатпауын талап етті.
- Алайда соғыстың өршуін өзіне тиімсіз деп қараған Нұралы хан мен оның сарайлық сыбайластары екі жақты бағыт ұстады:
- Соғысты пайдаланып, жер тапшылығын жою, қазақтарға тартып алынған жайылымда қайтару;
- Күннен-күнге соғысқа өршелене қатысқан өзіне бағынышты қазақтарды тәуелділікте ұстау, соғыс жеңіліс тапса патша үкіметінің алдында ақталуды көздеді.
- Кейін патша үкіметінің алдында екі ұшты қимылын жуып-шаюға тырысқан Нұралы хан, Кіші жүздің қазақтары шаруалар соғысына қатысқанда маған бағынбай кетті деп ақталды.

Патша үкіметін толық қолдаған сұлтандар: Есіл сұлтан, Ғали сұлтан, Ұсақ сұлтан, Шобак сұлтан, Айшуақ сұлтандар.

18-слайд

Көтерілістің ерекшеліктері:

- Пугачев армиясы Жайық казактарынан, қалмақтардан, татарлардан, башқұрттардан, орыстың басыбайлы шаруалары мен қазақтардан құрылған көп ұлтты жасақтар болды.
- 1773-1775ж.ж. Е.Пугачев бастаған көтерілістің ерекшелігі – орыс шаруаларының дворяндық басыбайлық құрылысқа қарсы күрес еді.
- Патша үкіметі ұлт арасында алауыздықты өршітуге тырысты, бірақ қазақ халқы өздерін қанаушыларға қарсы күресуге біріге бастады.

Халық жасақтарының саны артып көтеріліс бұқаралық сипат алды.

19-слайд

Е.Пугачев көтерілісі жеңілді.

- Ресей үкіметі Түркиямен соғыс аяқталған соң көтерілістерге қарсы аса ірі әскери күшті жіберді
- 24 тамызд 1774 жылы Патша үкіметі әскер жіберіп Пугачев әскерін Царицин түбінде жеңді.
- Патшаға берілген казактар Пугачевты сатқындықпен ұстап берді.
- Мәскеуде Е.Пугачев қатаң жазаланды.


Патша үкіметі қазақтарға қарсы Жайық, Дон казактарын, гусар мен драгун полктерін, патшаға жан –тәнімен берілген башқұрт және қалмақ жасақтары қазақ ауылдарын қырып-жоюға белсене қатысты.

20 -слайд

Көтерілістің негізгі ошақтары жойылғаннан кейін де қазақ даласындағы отаршылдыққа қарсы қозғалыс жалғасты

- Қазақ даласында жалғасқан қозғалыс Көктемірдің «Көзге көрінбейтін қозғалысы» деген атқа ие болды.
- Көктемір деген адам Е.Пугачев өлген жоқ ,ол қайтып оралады, патша үкіметіне қарсы күресті тоқтатпау керек деп сендірумен болды
- Алыпқашпа әңгімелер тама және табын руларының арасында кеңінен тарады
- Қазақ даласында әңгіменің қайдан шыққанын білу үшін жазалаушы әскер жіберілді.
- Толқулар екі жылға таяу жалғасып, 1776 жылы ғана қазақ даласы тынышталды.

Патша үкіметі Қытай жеріне көшіп кетуінен қорқып, қазақтарды жазалау шараларын тоқтатты.



21- слайд

Көтерілістің жеңілу себептері

- Қазақ жасақтары арасында келісілген жоспар болмады.
- Е.Пугачевтың бас штабымен байланыс жасап, жалпы үйлестірілген іс-қимыл жасалмады.
- Көтеріліске қатысқан әртүрлі ұлттардың арасында бұрыннан келе жатқан кикілжің бар еді.
- Патша әскері жақсы қаруланған және жақсы әзірліктен өткен болғандықтан қиындықтар тудырды.
- Қазақ сұлтандары істің немен бітетінін аңдып, әліптің артын бақты.

Қазақтардың көтеріліске деген белсенділігін бәсеңдеткен қазақ сұлтандарының бейтараптық бағыты.

22-слайд

Е.Пугачев көтерілісінен кейін патша үкіметі жергілікті басқару жүйесіне өзгеріс енгізді.

- Орынбор өлкесіндегі қазақтарды басқару үшін Шекаралық экспедиция деген құрылды. Орал шебі қайтадан құрылды.
- Е.Пугачевтың көтерілісін халықтың есінен мәңгі шығару үшін 1775 жылы үкімет жарлығымен түркі тіліндегі Жайық өзенінің аты Орал деп өзгертілді.
- Жайық казактары- Орал казактар әскерлері аталатын болды.
- Е.Пугачевтың атын айтуға қатаң тыйым салды.
- Орал казактарының санын көбейтті.
- Қазақтарды Орал өзенінің оң жағына өтуге тағы да қатаң тыйым салды.

Патша үкіметі отарлау саясатын барлық уақытта заңдастырып жүйелі жүргізіп отырды.

23-слайд

Қазақтарды шаруалар көтерілісіне қатысуының маңызы:

- Ресейдің отарлық езгісіне қарсы бүкіл халықтың күрестің құрамдас бөлігіне айналды.
- Көтеріліс барысында Еділ-Жайық аймағында орыс, башқұрт, қазақ және қалмақ халықтарының патша үкіметінің отаршылдық саясатына бірлескен күрестің мүмкіндігі айқын көрінді.
- 1782 жылы Кіші жүз қазақтарына қыс кезінде Еділ-Жайық аралығын жалға алу арқылы қыстап шығуға рұқсат берді.
- Көтеріліс 1783 жылы қазақтардың патша үкіметіне қарсы алғашқы және кең көлемді дербес ұлт-азаттық көтеріліске шығуына сабақ болды. (Сырым Датұлы 1783-1797 жж.)

Қазақтардың шаруалар көтерілісіне қатысуы көшпелі халықтың өз тәуелсіздігін қайтадан қалпына келтіру, өз жерін басып алуға жол бермейтіндігін көрсетті.

24-слайд

Пугачев замандастарының сөзінен :

Пугачев өзінің серіктерімен бірге көшелерді салтанатпен аралап жүріп, Қарғалы деревнясында Сейіт фасадын – Петербург, Сакмар қалашығын – Киев, ал өзіне өте ұнаған қоныс Бердіні – Мәскеу деп атаймын,-дегенін еске алады.

Емельян Пугачев қазақ қалаларының атауын орыс қалалары-ның атымен атауды армандауы оның ойының түп мақсатын көрсетті.

25-слайд

Осы көтерілісті зерттеген тарих ғалымдары:

- Н.Бекмаханова
- А.Рязанов
- М.П.Вяткин
- А.Чулашников
- А.С.Пушкин

П.П.Рычков
С.Асфандияров
А.Н.Нүсіпбеков
Г.Семенюк
М.Астреб